

## Көкпекті ауданы Биғаш селолық округінің Егінбұлақ, Қарғалы, Комсомол ауылдарының көшелеріне атаулар беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы Биғаш селолық округі әкімінің 2012 жылғы 30 қаңтардағы N 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық Әділет басқармасында 2012 жылғы 05 наурызда N 5-15-97 тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес, Биғаш селолық округі тұрғындарының пікірін ескере

**Ш Е Ш Е М І Н :**

Атаулары жоқ көшелерге мынандай атаулар берілсін:

1. «Егінбұлақ» ауылындағы атауы жоқ көшеге – «Егінбұлақ» атауы.
2. «Қарғалы» ауылындағы атауы жоқ көшеге – «Қарғалы» атауы.
3. «Комсомол» ауылындағы атауы жоқ көшеге – «Азаттық» атауы.
4. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Г. Исмаилхаджиеваға жүктелсін.
5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Биғаш селолық округі әкімі*

*Р. Наурызбаева*